№ исх: ДС-267 от: 20.06.2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТЫ

ДЕПУТАТ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «___»_____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«___» _____ 20 __ года

2024 жылғы 19 маусымда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Абай облысы бойынша «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі қызметкерлерінің салалық кәсіподағынан «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты»» республикалық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне үстемеақы төлеу, әлеуметтік қорғау шараларын жетілдіру мәселесіне байланысты хат келіп түсті. Бұл мәселелер жиі көтерілуде.

Бірінші. Техникалық персоналға үстемеақы төлеу мәселесі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман шаруашылығы қызметкерлеріне денсаулыққа және өмірге зиян келтіру қаупінің төнуіне байланысты жұмыс үшін 100%-ға дейін қосымша үстемеақы беру қарастырылған.

Алайда, «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесінің техникалық персоналына - жүргізушілер, радиобайланыс операторлары, тракторшылар, өндірістік және әкімшілік үй-жайларды тазалаушылар және тағы басқаларына (№ 131 ерекшелігі бойынша қызметкерлеріне) үстемеақы толық төленбей отыр. Бұл мәселе шешімін табу керек.

Екінші. Ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін 25% қосымша ақы қосу мәселесі.

Ауылдық жерлерде табиғатты қорғау функцияларын жүзеге асыратын лауазымды адамдарға 25%-дан кем емес үстемеақы төленуі тиіс.

Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 7 ақпандағы № 32 қауылысына сәйкес басқарушы персонал және негізгі персоналға кіретін лауазымдар тізбесі бекітілген. Оған ауылдық жерлерде табиғатты қорғау функцияларын жүзеге асыратын табиғатты қорғау мекемелерінің қызметкерлері енгізілмеген.

Осы санатты аталған қаулыға енгізу қажет.

Үшінші. Қызметкерлерге сауықтыру жәрдемақысын төлеу мәселесі.

Еңбек Кодексіне сәйкес мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын азаматтық қызметшілерге лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлене отырып, жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысы беріледі. «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесінің техникалық персонал санатына кіретін қызметкерлері, мамандары, осы жәрдемақыны ала алмай отыр.

Сонымен қатар орман шаруашылығы қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтандыру қарастырылмаған.

Осыған орай, Сізден:

- «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесінің техникалық персоналына (№131 ерекшелігі бойынша қызметкерлеріне) үстемеақы төлеу;

- ауылдық жерлерде табиғатты қорғау функцияларын жүзеге асыратын табиғатты қорғау мекемелерінің қызметкерлеріне 25% қосымша ақы қосу;

- техникалық персоналға сауықтыру жәрдемақыларын төлеуді және олардың медициналық оңалту ұйымдарында емделуін қамтамасыз ету;

- орман шаруашылығы қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтандыру мәселелерін қарастыруды, шешуді сұраймыз.

Заңнамада белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

Депутаттар,
«AMANAT» партиясы
Фракциясының мүшелері **Н. Сабильянов**
Ж. Сүлейменова
Т. Қырықбаев
Р.Зайытов

Депутат,
«Respublica» партиясы
Фракциясының мүшесі **Н. Тау**

Депутат,
«Қазақстан Халық партиясы»
Фракциясының мүшесі **Г. Танашева**

20.06.2024 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы

Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «___»_____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«___» _____ 20 __ года

Оглашен 19 июня 2024 года

Премьер-Министру
Республики Казахстан
Бектенову О.А.

ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

Уважаемый Олжас Абаевич!

Поступило письмо от отраслевого профессионального союза работников лесного хозяйства и животного мира по области Абай по вопросу выплаты надбавок работникам республиканского государственного учреждения «Государственный лесной природный резерват «Семей орманы» и совершенствования мер их социальной защиты. Данные проблемы часто поднимаются.

Первое. Вопрос выплаты надбавок техническому персоналу.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года № 1193 сотрудникам государственной охраны лесов предусмотрена дополнительная надбавка до 100% за работу в связи с угрозой причинения вреда здоровью и жизни.

Однако, надбавки к заработной плате в полном объеме не выплачивались техническому персоналу (специфики № 131) - водителям, трактористам, операторам радиосвязи, уборщикам производственных и административных помещений и другим работникам Республиканского государственного учреждения» Государственный лесной природный резерват «Семей орманы».

Второе. Вопрос о выплате 25% доплаты за работу в сельской местности.

Должностным лицам, осуществляющим природоохранные функции в сельской местности, устанавливается доплата не менее 25%.

В соответствии с постановлением акимата области Абай от 7 февраля 2023 года № 32 определен перечень должностей управленческого и основного

персонала. В перечень не включены работники природоохранных учреждений, осуществляющие природоохранные функции в сельской местности. Эту категорию необходимо включить в указанное постановление.

Третье. Вопрос выплаты работникам оздоровительных пособий.

Согласно Трудовому кодексу гражданским служащим, содержащимся за счет государственного бюджета, предоставляется основной оплачиваемый ежегодный трудовой отпуск с выплатой пособия на оздоровление в размере должностного оклада. Однако, работники, включенные в категорию технического персонала РГУ ГЛПР «Семей орманы» не могут получить это пособие.

Кроме этого, необходимо страхование жизни и здоровья работников лесного хозяйства.

В связи с этим просим Вас рассмотреть и решить вопросы обеспечения:

- выплаты надбавок техническому персоналу (работникам спецификации №131) Республиканского государственного учреждения «Государственный лесной природный резерват «Семей орманы»;

- доплаты в размере 25% за работу в сельской местности работникам природоохранных учреждений, осуществляющим природоохранные функции в сельской местности;

- выплаты оздоровительных пособий техническому персоналу и их лечения в медицинских реабилитационных организациях.

- страхования жизни и здоровья работников лесного хозяйства.

Просим ответить в установленные законодательством сроки.

Депутаты,
Члены Фракции
партии «AMANAT» **Н. Сабильянов**
Ж. Сулейменова
Т. Кырыкбаев
Р. Заитов

Депутат,
Член Фракции
партии «Respublica» **Н. Тау**

Депутат,
Член Фракции
партии «Народная партия Казахстана» **Г. Танашева**